

Пайдалану бойынша
нұсқаулық

DEXP

DEXP A1 смарт сағаты



Мазмұны

Сақтық шаралары	5
Құрылғының схемасы	6
Пайдалануға дайындық.....	7
Қосымшаны орнату және құрылғының түйісуі	7
Негізгі функциялар	10
Жинақталым	10
Техникалық сипаттамалары.....	11
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары	12
Қосымша ақпарат	13

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімімізді таңдағаныңыз үшін Сізге алғыс білдіреміз.

Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау жөніндегі ұсынымдар берілген. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және бұйымды әрі қарай пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының мақсаты

Фитнес сағат күнді, уақытты, хабарламалар мен өзге ақпаратты көрсетуге, сондай-ақ әртүрлі физиологиялық көрсеткіштерді қадағалауға арналған.

Сақтық шаралары

1. Құрылғымен жүргізілетін білікті емес қимыл-қозғалыстар (түрлендіру, жөндеу және т.б.) құрылғының бұзылуына әкелуі мүмкін. Тегін кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырылуды болдырмау үшін құрылғының корпусын өз күшіңізбен ашпаңыз, сервистік орталыққа жүгініңіз.
2. Бұл құрылғы радиосигналдар шығарады және қабылдайды, бұл құрылғы жұмысында қолайсыз кедергілерге немесе іркілістерге әкелуі мүмкін. Радиосигнал интерференциясы салдарынан жұмыста іркілістер болған кезде аталған құрылғы мен қабылдағыш (радио/ТВ) арасындағы қашықтықты ұлғай-

тыңыз, құрылғыны және қабылдағышты бір розеткаға қоспаңыз. Егер мәселе шешілмесе, кеңес алу үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

3. Аккумулятордың жарылу қаупін болдырмау үшін құрылғыны ашық оттың әсеріне ұшыратпаңыз.


Құрылғының схемасы

1. Көп функциялы батырма.
2. Экран.
3. Пульсометр.
4. Зарядтауға арналған түйіспелер.



Пайдалануға дайындық

Фитнес сағатты алғаш рет пайдаланар алдында кіріктірілген аккумулятордың заряды жұмысқа жеткілікті болғанына көз жеткізіңіз. Егер құрылғы қосылмаса немесе заряд деңгейі тым төмен болса, құрылғыны схемада көрсетілгендей жиынтықтағы кәбілдің көмегімен толығымен зарядтау керек.



Қосымшаны орнату және құрылғының түйісуі

Сіздің смартфоньыңыздың операциялық жүйесіне қарай App Store немесе Play Маркет қосымшалар дүкенінен Da Fit қосымшасын жүктеп алыңыз.

Сонымен қатар қосымшаны жүктеп алу үшін QR-кодты сканерлеуге болады.

Содан кейін Da Fit қосымшасын ашыңыз, Сіздің профиліңіздің деректерін көрсетіңіз, «Құрылғылар» қойындысына өтіңіз және «Қосу» басыңыз. Әрі қарай Сіздің смартфоньыңызбен түйісу үшін сканерлеу тізімінен Сіздің құрылғыңызды таңдаңыз.


Ескерту: Сіздің фитнес сағатыңыздың MAC-мекенжайын білу үшін, «Теңшелімдер» мәзіріндегі →«Қосымша теңшелімдер мәзірі» →«Құрылғы туралы» кіру қажет.



Мәзір бойынша навигация

A1 фитнес сағат экраны ымдар көмегімен басқарылады. Әртүрлі мәзірлер бойынша навигациялау бас экранындағы свайптар көмегімен жүзеге асырылады. Бас экрандағы циферблаттың сыртқы түрін көп функциялы батырманы сағат тілі бойынша/қарсы бұра отырып, ауыстыруға болады.

- «Теңшелімдер» бөліміне өту үшін саусақты төмен қарай жүргізіңіз. Мұнда Сіз ауа райын біле аласыз, шамды қосып/өшіре аласыз, ашықтықты теңшей аласыз, теңшелімдердің қосымша мәзіріне кіре аласыз және т.б.
- Фитнес сағаттың функциялар тізіміне өту үшін саусағыңызды жоғары қарай жүргізіңіз.
- Ұяшықтарға айналдырылған тура осы тізімді көру үшін саусағыңызды солға қарай жүргізіңіз. Көп функциялы батырманы сағат тілі бойынша/қарсы бұра отырып, осы мәзірдің белгішелерін ұлғайтыңыз немесе азайтыңыз.



Мәзір бойынша навигация

- Белгішені түртіп, «Мультиспорт» бөліміне өтіңіз. Осы бөлімде өткен қадамдар, километрлер, жұмсалған калориялар санын және т.б. көруге болады.
- Бас экранға оралу үшін экран бойынша саусағыңызды оңға қарай жүргізіңіз немесе көп функциялы батырманы басыңыз.
- Теңшелімдердің қосымша мәзірінде Сізге оятқышты, секунд өлшегішті, кері санақты, дірілді қосу/өшіру, ашықтықты өзгерту және т.б. функциялар қолжетімді.

Негізгі функциялары

- Тамыр соғуын өлшеу.
- Қадам өлшегіш.
- Ұйқыны қадағалау.
- Тамыр қысымын өлшеу.
- Музыканы басқару (плеер).
- Хабарламалар туралы мәлімдемелер.
- Қандағы оттегі деңгейін өлшеу.
- Ауа райы.
- Камера.
- Тынысты бақылау.
- Қолшам.

Жинақталым

- А1 фитнес сағат.
- Қосымша белбеу.
- Зарядтауға арналған кәбіл.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: A1.
- Экран: 1,69" TFT 240x280 ажыратымдылығымен.
- Bluetooth нұсқасы: 5.1.
- Батарея: литий-полимер, 3,7 В, 180 мА·сағ.
- Қорғаныс класы: IP67.
- ОЖ-мен үйлесімділік: Android 4.4 және жоғары, iOS 8.0 және жоғары.
- Корпустың материалы: мырыш қорытпасы, пластик.
- Діріл мотор.
- Спорттық өлшеулер.
- Ұйқыны қадағалау.
- Медициналық өлшеулер.
- Хабарламаларды көрсету.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай-да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қоюды қажет етпейді.
- Құрылғы өндіруші мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауаның -10 °С-тан 50 °С-қа дейінгі температурасында және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, дереу авторландырылған сервистік орталыққа хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына бұйым мемлекеттік немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін, тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына кәдеге жаратылуға тапсырылуы тиіс. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз етіп, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және дұрыс қолданылмаған жағдайда қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін залалдың алдын аласыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Явелл Интеллидженд Тэктолоджи Ко., Лтд.

А402, Ухань университеті, Шэньчжэнь ғылыми-зерттеу институты, екінші Юэ Син № 6 тас жолы, Гао Син ауданы, Юэ Хай көшесі, Наньшань ауданы, Шэньчжэнь, Қытай.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане: ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Қазақстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары сапасын жақсарту үшін алдын ала мәлімдеусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexp.club.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану шартпен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжайда берілген:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



www.dexp.club